

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау саласындағы
САЯСАТЫ**

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету, қолайлы қоршаған ортаны сақтау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану үшін өзінің жауаптылығын жете түсінеді.

Қоғамның өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласындағы саясаты мемлекеттің стратегиясымен толық сәйкестікте әзірленді және қабылданды әрі мына мақсаттарды:

1. Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестікті

2. Мұнай компанияларының қызметін регламенттейтін халықаралық заңнамалар мен келісімдердің талаптарын сақтауды

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсартуды және қойылған мақсаттарға қол жеткізуді бақылауды қамтамасыз етуді

4. Әлемнің жетекші мұнай компанияларының үздік көрсеткіштеріне сәйкес деңгейге қол жеткізуді

5. Неғұрлым маңызды міндеттерді ұдайы анықтауды және шешуді қамтамасыз ететін бағдарламаларды дайындау мен іске асырудың тиімді рәсімдерін құруды

6. Экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік бөлігінде жоба алдындағы құжаттамаларды дайындаудың сапасын жақсарту арқылы жаңадан іске қосылатын объектілерден қоршаған ортаға техногендік салмақты азайту

7. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, техникалық диагностика мен қашықтан байқап білу әдістерін енгізудің негізінде өнеркәсіптік қауіпсіздік пен экологиялық мониторингтің талаптарының сақталуын өндірістік бақылаудың тиімділігін арттыруды белгілейді.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғам өзіне:

1. Барлық қызметкерлерден жұмыстарды қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау ережелері мен нормаларына сәйкес жүзеге асыруды талап етуге

2. Авариялардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі барлық қол жетімді және іс жүзінде іске асырылатын шаралар кешенін жүзеге асыруға

3. Жүзеге асырылатын қызметтердің қоршаған ортаға, қызметкерлерге және халыққа әсер етуінің сипаттары мен көрсеткіштерін дәйекті түрде ұдайы жақсартып отыруға қол жеткізуге

4. Табиғый ресурстарды ғылым мен техниканың дамуының қазіргі заманғы деңгейімен толық сәйкестікте тұтынуды қамтамасыз етуге

5. Өнімдерді барынша мүмкін болатын шығару жағдайында табиғи ресурстарды, материалдар мен қуаттарды мөлшерлі тұтынуды кезең-кезеңмен қысқарту мақсатында озық ғылыми әзірленімдер мен технологияларды енгізуге

6. Басқару-өндірістік шешімдерді ойластырылған қызметтің экологиялық аспектілерін ескере отырып қабылдауға және іске асыруға

7. Шаруашылық қызметінің, өнімдер мен қызметтер көрсетудің қоршаған ортаға, қызметкерлер мен халықтың денсаулығына әсерін бағалауды жүргізуге

8. Өз қызметін халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асыруға

9. Мердігерлерден Қоғамда қабылданған стандарттар мен нормаларды қолдануды талап етуге

10. Барлық қызметкерлерді ресурсты үнемдеуші қызметке белсенді атсалысуға тартуға және осы мақсаттарда өндірістік объектілерде қызметкерлерді ынталандырудың және олардың біліктілігін арттырудың тиісті шараларын жүзеге асыруға

11. Барлық мүдделі тараптарды Қоғамның өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметі туралы ауық-ауық хабардар етуді жүзеге асыруға;

12. Саясаттағы барлық өзгерістерді Қоғамның барлық қызметкерлеріне, жұртшылыққа, атқарушы билік органдарына, бақылаушы органдарға, серіктестеріне және басқа да мүдделі тараптарға жеткізуге міндеттеме қабылдайды.